

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2014 жылғы 22 сәуірдегі N 26/14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 мамырда N 2794 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2022 жылғы 4 наурыздағы № 12/9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 04.03.2022 № 12/9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Н. Рақымов

*Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар аудандық мәслихат
хатшысы*

А. Молдахметова

КЕЛІСІЛДІ

Солтүстік Қазақстан облысы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысатын ауылдар, көшелер, көппәтерлі үйлер тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 28.09.2020 № 57/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Елді мекеннің ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің атауы	Бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің тұрғындар өкілдерінің саны (адамдар)
Рассвет ауылының Бейбітшілік көшесі	4
Рассвет ауылының Астана көшесі	8
Рассвет ауылының Мағжан Жұмабаев көшесі	4
Рассвет ауылының Қожаберген жырау көшесі	6
Рассвет ауылының Қазақстан Конституциясы көшесі	3
Рассвет ауылының Жеңіс көшесі	1
Рассвет ауылының Бірлік көшесі	3
Рассвет ауылының Орталық көшесі	1
Рассвет ауылының Алашкөшесі	2
Рассвет ауылының Шапағат көшесі	1
Рассвет ауылының Шоқан Уәлиханов көшесі	7
Рассвет ауылының Желтоқсан көшесі	1
Рассвет ауылының Сегіз сері көшесі	2
Рассвет ауылының Қарағайлы көшесі	1
Рассвет ауылының Сәбит Мұқанов көшесі	1
Рассвет ауылының Құлагер көшесі	1
Рассвет ауылының Достық көшесі	2
Рассвет ауылының Жас өркен көшесі	2
Семиполатное ауылының Батыр Баян көшесі	5
Семиполатное ауылының Мектеп көшесі	5
Семиполатное ауылының Есіл көшесі	7
Красная Горка ауылының Біржан сал көшесі	1
Красная Горка ауылының Абай көшесі	2
Красная Горка ауылының Ғабит Мүсірепов көшесі	4
Красная Горка ауылының Иван Шухов көшесі	1

Красная Горка ауылының Аққайың көшесі	1
Красная Горка ауылының Мәншүк Мәметова көшесі	2
Красная Горка ауылының Әлия Молдағұлова көшесі	3
Красная Горка ауылының Әбілқайыр хан көшесі	3
Красная Горка ауылының Ақжол көшесі	4
Водопроводное ауылының Еңбек көшесі	23

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихатының
2014 жылғы 22 сәуірдегі
№ 26/14 шешімімен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі ауылдар, көшелер және көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі аумағында ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлер тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиыны (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің әкімі шақырады.

Жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Қызылжар" және "Маяк"

газеттері немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлер шегінде бөлек жиынды өткізуді Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің тұрғындар өкілдерінің кандидатураларын Қызылжар ауданы мәслихаты бекіткен тұрғындары сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.